

Бекітілді

«CENTRAS Brands» ЖШС

бас директоры

Г.Д. Балқыбекова

2023 жылғы «03» қараша

ТАМАҚ ӨНІМДЕРІНІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ

«Centras Brands» ЖШС үшін азық-тұлік қауіпсіздігі «Popeyes» жылдам қызмет көрсететін кәсіпорындар желісінің жұмысында және жеткізушилер желісімен ынтымақтастықта аса маңызды болып табылады. Осы себепті азық-тұлік қауіпсіздігі фермалардағы бастапқы шикізаттан бастап тұтынушыларға ұсынылатын соңғы өнімдерге дейінгі жеткізу желісінің барлық аспектілеріне енгізілген.

Шикізат, азық-тұлік, қапталған материалдары, жабдықтар және басқа да әртүрлі тарату қызметтерін жеткізушилер мұқият таңдалады. Азық-тұлік қауіпсіздігінің негізгі факторлары негізінде бекітіледі. Мысалы, Good Management Practices (GMP) бағдарламалары және Hazard Analysis and Critical Control Points (HACCP) - өндірістік тәжірибе бойынша азық-тұлікке анализ жасап, талдау жасайтын нұктелер бекітеді. «Centras Brands» ЖШС компаниясының жеткізушилері тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі үшін жауапкершілікті қабылдайды және халықаралық стандарттарға сәйкес жеткізілетін өнімнің қауіпсіздігіне өз бетінше кепілдік береді. Оның мақсаты тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі менеджменті жүйесін үнемі жетілдіру болып табылады. Осылайша бүкіл әлемдегі тұтынушылар тамақ өнімдерінің қауіпсіздігіне сенімді болады. Енгізілген жүйелер тәуекелді азайту технологиялары, тексерілген азық-тұлік қауіпсіздігі бағдарламалары, ішкі аудит бағдарламалары, сыртқы аудит бағдарламалары және тәжірибе алмасу арқылы азық-тұлік қауіпсіздігін арттыруға көмектеседі.

Мейрамхана гимараттары және өндіріс ықтимал тәуекелдерді барынша азайту және қажетті, оңтайлы бақылауды қамтамасыз ету үшін ұйымдастырылған. HACCP, өндірістік нұсқаулық және оқыту бағдарламаларын қамтитын басқару практикасы «Popeyes» жедел қызмет көрсету кәсіпорындарында гигиеналық талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді.

«Centras Brands» ЖШС компаниясы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, сондай-ақ тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі мен өнім сапасы саласындағы корпоративтік және халықаралық стандарттардың озық талаптарына сәйкес келетін жоғары сапалы қауіпсіз өнім өндіру арқылы өз тұтынушыларының жан-жақты қанағаттануына қол жеткізуге бағытталған.